«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№4 ХАТТАМАСЫ

Өтікізілген күні: «29» мамыр 2026ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК меңгерушісінің 2025-2026 оқу жылындағы мемлекеттік бюджет қаражатының жұмсалуы және ата-аналардың заңды жарналары есебінен түскен қаражатты іске асыру туралы жылдық қаржылық есебі (Қаржылық ашықтық).
2. Балаларды жазғы сауықтыру және демалыс кезеңіне дайындау шаралары: ауладағы ойын алаңдарын, құмсалғыштарды (песочница) жаңарту, таза ауадағы қауіпсіздік пен шынықтыру жоспарын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Ж.А.Курманова мен есепші А.К.Битимбаева сөз алды. Меңгеруші 2025-2026 оқу жылында мекемеге мемлекет тарапынан бөлінген бюджеттің мақсатты жұмсалуы туралы слайд форматында толық баяндама жасады. Қаражаттың басым бөлігі қызметкерлердің еңбекақысына, ғимараттың коммуналдық қызметтеріне (жылу, жарық, су), балалардың күнделікті тамақтануына және санитарлық заттарды сатып алуға жұмсалғаны нақты цифрлармен көрсетілді. Сонымен қатар, ата-аналар тарапынан заңды түрде көрсетілген демеушілік көмектер немесе қосымша қызметтер үшін төлемдер болса, олардың да тек балалардың игілігіне, топтарды дамытуға жұмсалғаны, барлық чектер мен құжаттардың заңды екені дәлелденді. Қаржылық есептің ашықтығы Қамқоршылық кеңесіне толық көрсетілді.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Ж.А.Жариева баяндама жасады. Мамыр айының соңынан бастап балабақша «Жазғы сауықтыру кезеңіне» көшетінін айтты. Жаз мезгілінде балалардың уақыты негізінен таза ауада өтетіндіктен, ауладағы күн көзінен қорғайтын қалқалардың (теневой навес) күйі, ойын конструкцияларының беріктігі тексерілген. Құмсалғыштарға жаңа таза құм әкелу, гүлдерді суару және балалардың жазғы спорттық-сауықтыру бағдарламасы әзірленгені хабарланды.
3. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.Аханова: «Бөбекжай-бақша әкімшілігі мен есепшінің берген есебі өте ашық әрі түсінікті. Бюджет қаражатының мақсатсыз жұмсалуы байқалмайды, барлық құжаттар заң талаптарына сай. Мекеме басшылығына қаржылық ашықтықты қамтамасыз еткені үшін алғыс айтамыз. Жазғы маусымда балалардың далада көп болатыны қуантады. Ауладағы құмдардың уақытылы ауыстырылуын және күн ыстықта

балалардың бас киімсіз жүрмеуін тәрбиешілер қатаң бақыласа екен. Дайындық жұмыстарын қолдаймыз».

ҚАУЛЫ:

1. «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК меңгерушісі мен есепшісінің 2025-2026 оқу жылындағы жылдық бюджеттік және қаржылық есебі тыңдалып, «қанағаттанарлық» деп танылсын және бір ауыздан бекітілсін.
2. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстары (ауланы ретке келтіру, таза құм төгу, қауіпсіздікті тексеру) мамыр айының соңына дейін толық аяқталсын. Жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау шаралары мекеме әкімшілігі мен тәрбиешілерге жүктелсін.